

ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ, ТАРИХЫ КЕНЕН – ҚАЗАЛЫ!



№95
(2160)
Сейсенбі
7 қараша
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

МҰХТАР АЖ- ҚАЗАЛЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚҰРМЕТТІ ҚАЗАЛЫЛЫҚТАР!

Биыл Қызылорда облысының құрылғанына – 85 жыл, құтты мекен Қазалы ауданына – 95 жыл толып отыр. Қос мереке қабат келген айтулы датаға орай ауданда ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылып, мерейтой аясы кең көлемде тойланбақ.

Қазалы ауданы – Қызылорда облысының батысында тұрақтаған әкімшілік бөлініске жатады. Аудан батысында Арал, шығысында Қармақшы аудандарымен, солтүстігінде Ұлытау облысының Ұлытау ауданымен, оңтүстігінде Өзбекстан Республикасымен шектеседі. 1928 жылы құрылған аудан жерінің аумағы 37,4 мың шақырымды алып жатыр. Әкімшілік бөлінісі 42 елді мекен, 1 қалалық, 1 кенттік әкімдік пен 19 ауылдық округке біріктірілген.

Қазыналы Қазалының жері Тұран ойпатында орналасқан. Солтүстігінде Арал қарақұмы, оңтүстігінде Қызылқұм орын тепкен. Қасиет тұнған мекеннің аумағында Х-ХІ ғасырлардағы Оғыз қағандығының орталығы Жанкент қалашығының ізі бар. Ат дүбірі толастамаған киелі жерде Жалаңтөс пен Әйтеке, Жанқожа мен Ақтан, Сартай батыр, Ашабай мен Сырлыбай, Жылқыайдар мен Жетес, Үмбет пен Ерімбет сынды тағы басқа да әйгілі батырлар мен би-шешендер және халық құрметтеген әулие-әмбиелер өмір сүрген. Мұнда Орақ, Жалаңтөс, Жанқожа батырларға кесенелер, сонымен қатар басқа да тарихи тұлғаларға ескерткіш орнатылған.

Жыл басынан бері ауданда 95 жылдық мерейтой аясында түрлі шара өткізілуде. Аудан тұрғындарының қатысуымен ойын-сауық бағдарламалары ұйымдастырылады. Бірқатар әлеуметтік нысан пайдалануға беріледі.

Сонымен қатар тағылымы мен тәрбиелік маңызы зор, рухани-мәдени, спорттық бағыттағы түрлі жиын, жарыстарды өткізу жоспарда бар. Маңызды тойды аудан халқымен бірлесе, жоғары деңгейде атқаруға бар күш-жігерімізді жұмсайтын боламыз.

Қадірлі жерлестер!

Баршаңызды Қазалы ауданының 95 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Отбасыларыңызға береке-ырыс, толағай табыс пен ұзақ ғұмыр тілеймін. Еліміз тыныш, халқымыз аман болғай.

Ізгі ниетпен,

Қазалы ауданының әкімі
Мұхтар Оразбаев

МЕРЕЙТОЙҒА ОРАЙ КӨКПАРДАН АУДАНДЫҚ ЖАРЫС ӨТТІ



Қ.Пірімов аулында Қазалы ауданының 95 жылдық мерейтойына орай қазақтың ұлттық ойыны – көкпардан аудандық жарыс ұйымдастырылды.

Дүйім жұрт бас қосқан додаға аудан әкімі Мұхтар Оразбаев арнайы барып, жарысты тамашалауға барғандарды мерейтоймен құттықтап, нағыз білекті

жігіттердің ойынына сәттілік тіледі.

Мұнан соң көкпарға салынатын серке дайындалып, ауыл ақсақалы Меңділдә Төлегеновтің батасымен қазақтың ұлттық ойыны басталды.

Көкпардың жалпы жүлде қоры – 400 000 мың теңгені құрап, ат спортының ережесіне сәйкес жаппай салым болды. Яғни, әрбір салым 10000 мен

50000 теңгені құрады.

Айта кетейік, ойынға ауданымыздың әр аймағынан 20-дан астам жылқы әкелінді.

ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ БАҚЫЛАУДА



Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласындағы құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан нысандарды аралап көрді.

Бүгінгі таңда тұрғындардың сұранысы бойынша Әйтеке би кентіндегі В.Счастнов көшесі бойында орналасқан 5 қабатты тұрғын үйдің шатырын жабу жұмыстары жүргізілуде.

Аудан әкімі тиісті сала басшыларымен бірге 5 қабатты тұрғын үйге арнайы барып, шатыр жабу жұмыстарының барысын қадағалады. Сондай-ақ, жауапты басшыларға жауын-шашын басталмай тұрып, белгіленген жұмысты сапалы аяқтауды тапсырды.

Мұнан соң аудан басшысы Әйтеке би кентінің 6 квартал аймағындағы №276 мектеп жанындағы

Ә.Ізбақышов көшесін жарықтандыру жұмыстарын көрді.

Мұхтар Әуесұлы бұл көше оқушылардың сабаққа қатынайтын жолы болғандықтан балалар үшін қауіпсіз болу керектігін айтып, жұмысты уақытылы аяқтауды міндеттеді.

Аудан басшысы мұнан соң Қазалы қаласындағы жеке кәсіпкер Шыңғыс Романовтың салып жатқан спорт кешеніне барып, құрылыс жұмыстарын көрді. Спорт кешені тезірек аяқталып, пайдалануға берілсе спортты жанына серік еткен қала жастары үшін үлкен сый болатынын айтып, жеке кәсіпкерге ең әуелі құрылыстың сапасына аса мән беру керектігін ескертті. Сонымен қатар қала шетіндегі балалар ойын алаңының бүгінгі жай-күйіне қанық болды.

Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ ОСЫЛАЙ ҚҰРЫЛДЫ

1927 жылы желтоқсанда өткізілген ВКП (б) XV съезінде ауыл шаруашылығын ұжымдастыру (коллективтендіру) мәселесі қаралғаны тарихтан белгілі. Халықтың өмірінде өшпес таңба болып қалған зорлықпен жүргізілген науқанды ата-бабаларымыз басынан өткізді. Атышулы осы науқанды жүзеге асыру үшін Қазақстан жерінде әкімшілік-аймақтық бөлшектеу басталды. Бұрынғы губерния, уез, болыстық және ауылдық әкімшіліктердің орнына округтер мен аудандар пайда болды.

1928 жылғы сәуір пленумының шешіміне сәйкес Қазақстан жеріндегі әкімшілік-аймақтық бөлініске байланысты Қызылорда және Қазалы уездері таратылып, бұрынғы екі уездің негізінде Қызылорда округі құрылды. Округтік комитеттің Қазалы және Қызылорда уездерін аудандастыру жөніндегі қаулысы бойынша 1928 жылғы 12 мамырда республикада алғашқылардың бірі болып Қазалы ауданы құрылды. Алпыс бір жыл бойы уез орталығы атанып, талай тарихтың куәсі болған Қазалы енді дербес ауданға айналды. Тарихи сол құжатта партия, кеңес және комсомол жұмыстары бойынша ұйымдастыру бюросы құрылып, оларды аудандық партия комитетінің хатшысы Меңдияров пен ауатком төрағасы Мақатов, кәсіподақ комитетінің төрағасы Анисимов және жастар жетекшісі Оразбаев басқарған.

БК (б) Қызылорда округтік комитетінің 1928 жылғы 11 тамыздағы шешімімен 24 адамнан құрылған округтік комиссия бай шаруашылықтарын тәркілеу мақсатында әр ауданға бөлініп жіберілді. Олардың басшылығымен аудандық комитеттер құрылды. Еліміз егемендік алғаннан кейін жарық көріп жатқан тарихи шындыққа сүйенсек, байларды тәркілеу мен ауыл шаруашылығын күшпен ұйымдастыру қазақ халқы үшін өлшеусіз қасірет әкелгенін байқаймыз. Мұндай жағдай Қазалы ауданында да болды. Қазақстан Үкіметі мүйізді ірі қараға айналдырғанда 400 малы бар бай тәркілеуге жатады деп үкім шығарды. Бұған кедейлер қуанды, ал орта шаруа онша ықыласты бола қойған жоқ. Себебі, олардың бұл тәркілеуден аман қалатынына толық сенімі болмады. Кейін орта шаруалардың бұл күмәні шындыққа айналып, олар зорлық-зомбылықтың құрбанына айналды. Голощекин заманындағы «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген сөз осы кезде пайда болды.

Қазалы ауданында 8 бай шаруашылығы есепке алынып, олардан мүйізді ірі қараға айналдырғанда 4 мың

басқа жуық мал тәркіленді. Тәркіленген малдың 80-90 % комиссия арқылы кедейлер мен жалшыларға бөлініп берілді. Дүние-мүліктер, киіз және қыстық үйлер мешіттер мен қызыл отауға, шәйханаларға, медициналық пунктерге берілді. Тартып алынған ауыл-шаруашылық құрал-жабдықтары қосшылар Одағына, артельдер мен колхоздарға өткізілді. Кейбір ірі байлар жер аударылды немесе қамалды. Тәркілеуге көнгісі келмегендер ұйымдасқан түрде малын айдап, дүние мүлкін алып Қарақалпақ еліне қарай қашып кеткендері де болды. Тәркілеу науқаны кезінде партия, кеңес, комсомол қызметкерлері белсенділік танытты. Кейбір кедейлер мен жалшылар байлардың жасырған малдары мен мүліктерін табуға барынша жәрдемдесті. Әділетсіздіктің салдарынан орталыққа алынған малдың «қолды» болып, өлім-жітімге ұшыраған жағдайлары да кездесті. Осындай қиянат пен қуғын-сүргіннің кесірінен ел ішінде айтыс-тартыс, дау-жанжал етек алып, көп мөлшерде мал шығыны болды. Мұның аяғы аштыққа ұласты.

1928 жылдан бастап бұрынғы әрбір болыстағы ауыл шаруашылық қарыз серіктіктері бірігіп, аудандық «Живсоюз» деп аталатын мекеме құрылды. Кейін шикізат дайындайтын мекеме болды. 1929 жылы ауыл шаруашылық өндіріс кооперациясы осыдан бөлініп шықты. Мұның аудандық мекемесі «колхоз секция» кейіннен «колхоз союз» деп аталды.

Аудандық ауыл шаруашылық басқармасының негізі осы жылдары қаланған. Колхоздастыру кезеңінде айрықша көзге түскен бұл мекемені 1929-1930 жылдары колхоз құрылысының белсенді өкілі Ертас Бөлекбаев басқарды. Отызыншы жылдың басында бүкіл республикада жаппай колхоздастыру деген ұран көтерілді. Осыған байланысты ауданға Қызылордадан, Алматыдан жиі – жиі өкілдер келді. Москва мен Ленинградтан жіберілген «жиырма бес мыңдықтар» осы жылы келді. Олар ауданнан бөлінген өкілдермен бірге ауыл-ауылды аралап, шаруаларды жаппай колхоздастыру үшін жұмыс істеді.

Сол жылдың аяғында аудандағы колхоздар саны 52-ге жетті. Яғни, ауылда тұратын халық 80 % колхозға кірді. Жиырма % әлі де жеке шаруашылықпен айналысты. 1931 жылы ауданда колхоздастыруды аяқтау, байларды тап ретінде жоюға байланысты нақты жұмыстар қолға алынды.

Қоғамдағы төбеден түскендей төтеннен келген зауалға тап болған халық бір жағынан табан ет маңдай терімен тапқан малынан айрылып, екіншіден,

намысқа тиген құйтырқы сөздер мен алыпқашпа әңгімелерден, жабылған жала мен қамау, жер аудару сияқты азап пен ақыреттен қасіретке толы күй кешті. Малынан, жерінен, дүние-мүліктен айрылған адамдар жікке бөлініп, ел ішінде аңдысу, арбасу, өш алып, есе қайтару сияқты әрекеттер болып тұрды. Осы тұста ел басқару да оңайға түскен жоқ. Таяқтың бір ұшы басшыларға да тиіп жатты.

Ауданды қолымен құрып, қиын-қыстау кезеңде ел басқарған, қалыптасуына еңбек сіңірген ағалардың есімдері кейінгі ұрпаққа үлгі.

Ел тізгінін ұстаған басшылардың қай-қайсысы да заман талабына сай қызмет атқарды. Әсіресе, ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен сұрапыл 1937 -1943 жылдары алты жыл аудан партия ұйымына жетекшілік еткен Тұңғышбай Сегізовтың тұсында өмірлік маңызы зор, кезінде бүкілхалықтық қозғалысқа айналған, аса ірі шаралар іске асырылды. Ұлы отан соғысы басталар қарсаңындағы көктемде, небәрі бір жарым айдың ішінде ұзындығы 48 шақырымдық «Оң жаға» арнасы қолмен қазылып, пайдалануға берілді. Осынша қысқа мерзімде Қазалы халқы арнаның ұлтанынан кетпен-күрекпен 2,1 миллион текшеметр топырақ шығарды. Нәтижесінде, Сырдарияның оң жағалауында орналасқан (сол себепті «Оң жаға» деп аталады) сол кездегі 25 шаруашылықтың тұрақты егін өсіруіне мүмкіндік туды. Отан соғысының ең ауыр кезеңінде 1941 жылдың қазан айында «Сол жаға» арнасын қазу жұмысы қолға алынды. Ер –азаматтар Отан қорғауға кетті. Елде шал-сауан, қатын-қалаш, бала-шаға қалды. «Сол жаға» арнасын солар қазды. Ұзындығы 35 шақырымдық арнаны қазуға аудан бойынша 1112 колхозшы әйелдер мен қарттар, жасөспірімдер қатысып, екі айдың ішінде арнаның ұлтанынан 1,7 миллион текшеметр топырақ алынды. Осы арнадан аққан сумен Сырдарияның сол жағалауындағы 24 шаруашылық егін өсірді. Сұрапыл соғыс басталған жылы аудан халқының жанқиярлық еңбегінің нәтижесінде қазылып, пайдалануға берілген қос арнадан аққан сумен Қазалы су торабы пайдалануға берілген 1970 жылға дейін ауданда егіннен жыл сайын тұрақты өнім алынып тұрды.

1940 жылы Қазалы ауданы ауыл шаруашылығындағы табыстары үшін Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысу құрметіне ие болды. Көрмеге қойылған Қазалының атақты қаракүләбісінің даңқы Одақтан асып, шетелдерге жетті. Қазалы қауыны Парижге апарылып

көрмеге қойылды. Қатарынан үш дүркін, яғни, 12 жыл бойы КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болған «Қызылту» колхозының төрағасы Қашақбай Пірімовтың елге танылып, мемлекеттік қайраткер дәрежесіне көтерілген тұсы да осы кез еді.

Бүгінгі күні мақтаныш үшін айттып отырған сол жетістіктер ел басқарған азаматтардан үлкен ұйымдастырушылық қабілет пен саяси зеректікті талап еткенін түсінеміз. «Ат ауыздығымен су ішіп, ер етігімен су кешкен» ереуілді шақта еңсесі түспей, жоқтан бар жасаған нар тұлғалы азаматтардың көрегендікпен атқарған іс-қимылы кейінгі ұрпаққа өшпейтін өнеге болып қалды. Әрине, сол кездегі көрсеткіштердің салмағын бүгінгі өмірдің өлшеммен салыстыруға болмайды. Айқындауға келмейтін асыл қасиет –елдің елшілігі мен ынта-жігері, ауызбіршілігі мен әр адамның кеудесіндегі имандылық сезімі еді.

Аудандық кеңес атқару комитетінің 1944 -1952 жылдар аралығындағы төрағасы Төлеген Дәуітбаев сол күндерді былайша еске алған-ды: -Қазалы халқының ауызбіршілігі ерекше болатын. Кімге нендей жұмыс тапсырылса уақытында орындалатын. Ауданда 61 колхоз қарап отырған екі машина –трактор стансасы бар еді. Бірі Қазалы қаласында, екіншісі «Бірлік» елді мекенінде. Қаладағы МТС дарияның оң жағындағы, Бірліктегі МТС дарияның сол жағындағы шаруашылықтарға қызмет ететін. Бұлар Орталық комитеттің нұсқауымен отызыншы жылдың басында ұйымдастырылған болатын. Екеуіндегі тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарын қосып есептегенде қазіргі бір шаруашылықтың қарауындағы техниканың санына жетпейтін. Трактор паркінің қуаты да шамалы, ылғи «Фардзон» мен шотаяқ ХТЗ, молотилка –комбайндер кейін келді. Ат пен өгізге мойынтырық кигізіп, оған домалақ тас байлап астық бастыратынбыз. Жерді кетпендеп, ағаш соқамен жыртып, атыз-жапты қолмен тарттық. Астықты ат, өгіз, есек арбалармен тасыдық.

1930 жылы ауданда небәрі 6 «Фардзон» мен санаулы мотоцикл ғана болды. Қазалы және сол жағы МТС –терінің алғашқы директорлары: Бегімбай Қосаев, Асқаров, Ахтанов. Қазалының тұңғыш механизаторлары: Н.Осипов, И.Буланін, И.Ключниковтар мен Елкей Қобыланов, Емберген Жылкелдиев, Ереш Төлебаев, Сүйкенбай Қадіров, Жалғас Түгелбаев, Бекеш Садықов, Нәше Күншығаров, Рзаш Өтегенов, Ідіріс Сариев, Ілияс Саймаханов, Ізтілеу Тоқмамбетовтердің есімі қашанда құрметті.

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ ОСЫЛАЙ ҚҰРЫЛДЫ

(Соңы. Басы 2-ші бетте)

Қазалы жерінде Кеңес өкіметін құрып, нығайту жолында ұжымдық шаруашылықтарды (колхоз-дастыруды) ұйымдастырып, қалыптастыру кезінде ерекше еңбек сіңірген аға ұрпақ өкілдері болды. Олар: Ертас Бөлекбаев, Зинетдин Бұлақбаев, Шермұхан Сариев, Бейсенбай Қалниязов, Байназар Өтепов, Наурызбай Баймаханов, Досжан Тұяқбаев, Серғали Толыбеков, Құлмахан

Омаров, Қарабатыр Дөңесов, Бермахан Мәшенбаев, Оңталап Жарылқасынов, Мәкеналы Қалмырзаев, Жармахан Бекетаев, Әбдір Тілеуқабылов, Әбділда Тобаев, Төлеген Нұрышев, Әліш Үмбетәлиев, Нағымет Үркімбаев, Мұса Ескеев, Рәмәтәлі Байсалбаев, Өтеп Нұрсейітовтер. Бұлар жаппай ұжымдастыру кезінде бірі басшылық, бірі қосшылық қызмет атқарып, сол кезеңнің саясатын жүзеге асыруда

белсенділік танытты.

Соғыс кезінде және одан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру тұсында ел басқарған азаматтарға, шаруаға жұмыс істеу оңай бола қойған жоқ. Әр кезеңнің өз талабы, өз міндеті бар. Мұның үстіне Сталиндік саясаттың қатал заңдары мен қаулылары талай адамның тағдырын теріс айналдырып жіберді. Колхоз жұмысын жан аямай істеп

жүрген көптеген әкелеріміз бен аналарымыз қатыгездіктің кесірінен бір уыс бидайға бола жаламен қуғынға ұшырып, сотталды. Соғыс кезінде Отан үшін, Отанды қорғаушылар үшін деп ерлердің орнына күні-түні еңбек еткен кейбір аналарымыз да осындай зобалаңның құрбанына айналды. Әрине, олар ақталды. Біразы көкіректі жайлаған ыза мен өзегін өртеген өкініштен өліп кетті.

СЫР БОЙЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ КІТАПХАНА

Кітапхана –білімділіктің киелі ордасы. Бұл жанға жайлы мекен оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір. Ал кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы – кітапханашы. Кітапхана оқырманның рухани талап-тілегін қанағаттандырумен қатар, әлемдік, ұлттық, әмбебап ақпарат көздерін толық жинақтап, оқырманға жеткізуші болып табылады.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан мен Орта Азияның табиғаты мен тарихын зерттеуді мақсат тұтқан орыс саяхатшылары мен тарихшылары қазақ даласында білім нәрін себетін мәдениет ошақтарын ашуға жанашырлық танытып, ұйытқы болды. Соның жарқын бір мысалы 1901 жылдың 2 желтоқсанында Қазалы қаласында Сыр бойындағы ең алғашқы кітапхана өз оқырмандарына есігін айқара ашты. Россиядан жер аударылып келген орыстардың социал-демократтары кітапхана қорына кітаптар сыйлап, қазақ жастарының ұйымдасып ойын-сауық қоюына, одан түскен қаржыға кітаптар сатып алуына мұрындық болды. Қазақ зиялылары да кітапхана қорын толықтыруға үлестерін қоса бастады. Алғашқы жылы кітапханада 437 дана кітап қоры, тұрақты 113 оқырманы болды.

Арал теңізін зерттеуге келген академик А.С.Берг кітапханаға бірнеше ғылыми әдебиет сыйласа, атақты саяхатшы П.П.Семенов-Тянь-Шанский Қазалы қаласында болып кітапхана жұмысын жақсарту туралы кітапханашыларға ақыл-кеңестерін айтып, жеке кітапханасынан 200-ге тарта кітаптарды қолтаңбасымен сыйға тартқан. Бұл

кітаптардың 78 данасы әлі күнге қалалық кітапхананың жанынан ұйымдастырылған «Алтын қор» мұражайында сақтаулы.

Сыр бойындағы алғашқы кітапхананың кітап қоры жылдан-жылға көбейе түсті. Кітапхана алдыңғы қатарлы жастар мен зиялы қауым өкілдерінің бас қосатын сүйікті мекеніне айналды.

Алғашқы кітапханашы Надежда Николаевна Шалаева болды. Кітапхананың 1917-1956 жылдардағы меңгерушісі Уәли Адамовтың еңбегі ерекше. Кітапты жанындай сүйген ғажайып жан кітапхана ісін биік белестерге көтерді. Осы жылдар ішінде оқырмандар мен кітапхана арасындағы байланыс жақсарды, кітап қоры мен оқырман саны артты.

1951-1980 жылдары кітапханада Сейілхан Төлегенов, Жәкеш Төлепова еңбек етсе, 1963-1970 жылдары Жәрмедет Хайруллаев халыққа кітапханалық қызметтің ең озық үлгілерін көрсетті.

1917-1918 жылдары Жаңақазалы поселкесінде өндірістік кітапхана болды. 1964 жылдан бастап 1975 дана кітап қоры бар аудандық кітапхана ұйымдастырылды. Ал Қазалы қаласындағы кітапхана кітапханалық дәрежесін сақтап қалды.

Аудандық кітапхананың алғашқы меңгерушісі (1964-1969 жылдары) Ұлбике Үсенова, 1969 жылдан кітапхана меңгерушісі Маржан Қарабалаева болды.

1980 жылы аудандық кітапхана аудан көлеміндегі кітапханаларды біріктіретін аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі болып қайта құрылды. 1998-2015 жылдары аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне Мамық

Ұржанбекова басшы болды. 2015 жылдан Қазалы аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі коммуналдық мемлекеттік мекемесін Назарова Индира Әбілқасымқызы басқарып келеді.

Қазалы ауданында аудандық кітапхана, аудандық балалар кітапханасы, кенттік кітапхана, қалалық, қалалық балалар кітапханасы және 21 ауылдық кітапхана халыққа қызмет көрсетеді.

Аудандық орталық кітапханада әдістемелік-библиографиялық, кітап қорын толықтыру және өңдеу, оқырмандарға қызмет көрсету бөлімі жұмыс істейді. 2022 жылдың қараша айынан бастап ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі ашылды.

Кітапхана жүйесіне 2005 жылы 2 модульден тұратын РА-БИС бағдарламасы енгізіліп, 2006 жылы Интернет жүйесіне қосылды. 2015 жылдан бастап РАБИС бағдарламасы 5 модуль бойынша жұмыс атқарып келеді.

Әдістеме библиографиялық бөлімі жүйе кітапханаларының жұмысын үйлестіріп, жетекшілік етеді. Кітапханалар жұмысына талдау жасап, ауылдық филиалдарға әдістемелік көмек көрсетеді. Бөлімде 3 қызметкер жұмыс істейді. Бөлім меңгерушісі З.Мұстафаева, әдіскерлер: М.Сүйегенова, Г.Нысанбаева.

Кітапханалар жыл сайын жаңа әдебиеттермен толықтырылуда. Кітап қорын толықтыру бөлімінің меңгерушісі М. Елдесбай, кітапханашылар: А. Жұбан, М. Ағыбергенова.

Ақпараттық библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі анықтамалық аппаратты жетілдіре отырып, атаулы күндер күнтізбесі,

әдебиеттертізімі, реферативтік журналдар, библиографиялық көрсеткіштер мен әдістемелік құралдар әзірлейді. Бөлім меңгерушісі А.Орынбай, библиограф А.Назарова, редактор М.Төлеу.

Аудандық орталық кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімі оқырманның кітап қорымен танысуына, сұранысын зерттеп, зерделеу, жоспар бойынша оқырмандармен мәдени-рухани шараларды ұйымдастыру, түрлі танымдық – тағылымдық кездесулер мен жаңа кітаптың тұсаукерін өткізу жұмыстарын атқарып келеді. Бөлім меңгерушісі С.Бекмамбетова, кітапханашылар: А.Айтжанова, Г.Махамашова, П.Ниязымбетова, Г.Прімбетова, Н.Әжіғұлова.

Аудандық балалар кітапханасы (бөлім меңгерушісі Ж.Көмекбаева, кітапханашылар: Г.Тұрғамбаева, З.Әшірбекова, Д.Алдақиярова) жас балғындар үшін танымдық шаралар өткізіп, түрлі тақырыптарда кітапкөрмелерін ұйымдастырып, балалардың ой-өрісінің дамуына, қажетті әдебиеттерімен сусындауына бағыт – бағдар беріп отырады. Қалалық кітапхана меңгерушісі Ж.Сейталиева, кітапханашылар: Н.Қожанова, Ж.Әбдірова, Ж.Ерімбетова, қалалық балалар кітапханасының меңгерушісі Т.Мырзалиева, кітапханашылар: Э.Шәмет, Қ.Садинова, кенттік кітапханашылар: Г.Өтеп, Э.Жұмағали көпшілік оқырманның өткізілетін түрлі шаралардың өз дәрежесінде өтуіне бір кісідей атсалысып келеді.

Зоя МҰСТАФАЕВА,
Қазалы аудандық
орталықтандырылған
кітапхананың бөлім
меңгерушісі

АУДАННЫҢ БАРЛЫҚ САЛАЛАРЫНДА ІЛГЕРІЛЕУ БАР

Сыр елінің экономикасы мен әлеуметтік дамуында Қазалы ауданының алар орны ерекше. Әрбір саланың толымды тірлігінің арқасында аудан экономикасы тұрақты дамып келеді. 2023 жылдың 9 айындағы көрсеткіштер көңіл тоғайтады. Оған нақты мысал.

БЮДЖЕТ. 2023 жылғы нақтыланған бюджет көлемі 12 млрд. 799,4 млн теңгені құрады. 2023 жылдың 1 қазанында бюджетке түсетін салықтар және басқа да міндетті төлемдердің түсімі 8831,5 млн. теңгеге жоспарланып, нақты 8900,3 млн. теңгеге немесе 100,8 пайыз орындалды.

ӨНЕРКӘСІП. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2023 жылдың 9 айында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 17 млрд. 22 млн. теңгені құрап, өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 101,9 пайызды құрады. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 15 млрд. 326 млн. теңгенің өнімі өндірілді.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПкерлік. 2023 жылдың 9 айында 6 462 кәсіпкер тіркеліп, кәсіпкерлер саны 6 219 бірлікті құрап, белсенділік үлесі 96,2 пайызды құрады. Есепті кезеңде аудан кәсіпкерлері 3 млрд. теңгенің өнімін өндіріп, өткен жылмен салыстырғанда өнім көлемі 2,8 пайызға өсті. Өткен жылмен салыстырғанда жұмыспен қамтылғандар саны 12,1 пайызға көбейіп, 10 284 адамды құрады.

Кәсіпкерлікті қолдау үшін жыл басынан бері аудан кәсіпкерлеріне қаржы ұйымдары тарапынан 321 жоба бойынша 3,2 млрд. теңге несие берілді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ. Бұл салада мемлекеттің қолдауымен жақсы дамып келеді. 2023 жылдың 9 айында аудан бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі 18,1 млрд. теңгені құрап, 4,1 пайызға өсті.

Биыл аудан бойынша 17 377 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналасты. Негізгі дақыл – күріштің көлемі 6 450 гектар.

Сырдария өзенінде қалыптасқан су тапшылығына

байланысты биік жерлерде орналасқан күріш егісінің көлемін 543 гектарға қысқартылып, әртараптандыру бағытындағы дақылдардың егіс көлемін ұлғайтуға ерекше мән берілді.

Есепті кезеңде аудан бойынша 8 шет мемлекетке 627 тонна күріш, 296 тонна балық өнімі және 1158 тонна қамыс экспортталды.

Қазіргі таңда төрт түліктің өсімі бар. Мал басының басым бөлігі, яғни 65,2 пайызы жеке тұлғаларда, 2,5 пайызы ауыл шаруашылық кәсіпорындарында, 32,3 пайызы шаруа қожалықтарының үлесінде.

Өндірілген ет көлемі 3 543,5 тонна, сүт 8 775,1 тонна, жұмыртқа 887,0 мың дананы құрады.

ИНЖЕНЕРЛІК - ИНФРАҚҰРЫЛЫМ. Ауданның инженерлік-инфрақұрылымын дамыту мәселесі басты назарда. 2023 жылдың 9 айында негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 14,2 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,7 пайызға көбейді.

Аудан аумағында 64 нысанның құрылысын салу мен жөндеу жұмыстары жүргізілуде. 5 жоба өткен жылдан өтпелі болса, 59 нысан жаңадан басталды. Бұл жобалар үшін 11 млрд. теңге қаржы қаралды.

Ауданда құрылыс жұмыстарының көлемі 7,6 млрд. теңгені құрап, 22 пайызға өсті. Жыл басынан бері жеке сектор есебінен тұрғын үй құрылысына 4,7 млрд. теңге инвестиция тартылып, 40166 шаршы метр тұрғын үй құрылысы салынды. Нәтижесінде тұрғын үй қоры 13,0 пайызға көбейді.

Тұрғын үй кезектілігін азайту мақсатында Әйтеке би кентінен көлемі 600 гектар жер учаскесіне салынатын тұрғын үйлерді инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жобасын әзірлеп, сараптама қортындысын алуға аудандық бюджеттен 32,1 млн. теңге қаржы бөлініп, жоба әзірленді. Жоба құны 8,9 млрд. теңге. Құрылысты қаржыландыруға бюджеттік өтінімі тапсырылды.

Ауданды газбен жабдықтау үлесі – 7,1 пайыз. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 14,3 пайызға жеткізу жоспарланып отыр.

Абай елді мекеніне орамшілік газ желілерін жүргізу, F.Мұратбаев аулының жаңа кварталында салынатын тұрғын үйлерді инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету (ауыз сумен, газбен және электрмен жабдықтау) құрылыстары жүрде.

Аудан көлемінде электр желілерінің тозу деңгейі 74 пайызды құрайды.

«Шағын қалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру» жобасы аясында Қазалы қаласының электр желілерін қайта жаңғырту және көшелерін жарықтандыру үшін 245,5 млн. теңге қаржы бөлінді.

16,6 шақырым электр желісі мен 4 дана трансформатор және 433 дана жарықшам орнатылды.

Ауданның коммуналдық меншігінде 406,2 шақырым аудандық маңыздағы автомобиль жолдары бар. Оның 244,8 шақырымы асфальтты, 100,4 шақырым қиыршық тасты және 61 шақырым топырақты жолдар.

Соңғы жылдары Қазалы ауданында ауыл арасындағы жолдармен елді мекен ішілік жолдардың жағдайы жақсарып келеді.

Аудандық маңыздағы автомобиль жолдары мен елді мекен көшелерін қайта жаңғырту және орташа жөндеуден өткізуге республикалық және облыстық бюджеттен 2,9 млрд. теңге қаржы бөлінді.

Аталған қаржыға 51 шақырымды құрайтын 3 аудандық маңыздағы автомобиль жолын орташа жөндеу, 3 жолды қайта жаңғырту және 30,3 шақырымды құрайтын 43 көшені орташа жөндеу, 17 көшеге қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

2 аудандық маңыздағы автомобиль жолы мен 42 көшенің жөндеу жұмыстары толықтай аяқталып, пайдалануға берілді.

Ауданда 34 орта, 3 негізгі және 1 кешкі мектеп бар. Қазалы ауданы, Жанқожа батыр аулында

300 орындық "Жайлы мектеп" пен Әйтеке би кентіндегі 250 орындық мектеп құрылысы қарқынды жүрде. Сонымен бірге, Қ.Пірімов аулындағы К.Күлетов атындағы №92 орта мектебіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылды.

Аудандағы 50 мектепке дейінгі ұйымда (19 мемлекеттік, 12 жекеменшік, 19 шағын орталық) 5065 бала тәрбиеленуде. 3-6 жас аралығындағы 3426 бала мектепке дейінгі біліммен қамтылған. Мектепте 16 859 оқушы білім алуда.

Ауданда 2694 жаңа жұмыс орны ашылып (тұрақты 875, уақытша 1819), жоспар 102,3 пайызға орындалып отыр. Жұмыс іздеуші ретінде 8294 адам хабарласып, 2279 адам жұмысқа орналасты.

Қазалы ауданы бойынша дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылданушылар қатары 38,0 пайызға жетті, 30069 адам спортпен айналысады.

Аудан спортшылары әлем чемпионатында 2 күміс, Азия чемпионатында 6 алтын, 9 күміс медаль жеңіп алды. Халықаралық турнирлерде 3 алтын, 13 күміс, 12 қола медаль иеленсе, Қазақстан чемпионаттарында 23 алтын, 32 күміс, 36 қола медаль иеленді.

4 спортшы Қазақстан Республикасының спорт шебері нормативін орындаса, 1 спортшы Халықаралық дәрежедегі спорт шебері атанды, Қазақстан Республикасының спорт шеберіне 72 спортшы үміткер, 10 спортшы спорт түрлері бойынша Қазақстан құрама командасына енді.

Жанқожа батыр, «Майдакөл», Бекарыстан би, Қашақбай Пірімов, Басықара, «Ақсуат», «Жанкент», «Бөзкөл» ауылдарындағы спорт алаңдары жөндеуден өткізілді. Жыл соңына дейін, Әйтеке би кентінен 3 спорт алаңының құрылыстары жүргізіледі. «Ауыл-Ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде Ү.Түктібаев аулынан спорт кешені пайдалануға берілді.

(Газетіміздің келесі саны 15 қараша, сәрсенбі күні шығады)

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.